

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Судың да сұрауы бар. Нағыз адам.

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.05.2020

СІЛТЕМЕ
https://bilimgger.kz/73952/

Пәні: Әдебиеттік оқу	Мектеп:	Ақжыстау орта мектебі
Сынып: 3 а	Мүғалімнің аты-жөні:	Маканова Мейрамгуль Жумабаевна
Бөлім	Су - тіршілік көзі	
Сабақтың тақырыбы (онлайн сабақ)	Судың да сұрауы бар. Нағыз адам. https://youtu.be/QfVBeU_fSTQ	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	3.2.6.1 - кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау.	
Күтілетін нәтиже	Барлық оқушылар: кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп, бағалай алады. Көптеген оқушылар: әрекетті жақпаратты табады, өз ойын жеткізеді. Кейбір оқушылар: барлық сұрақтарға дұрыс жауап беріп, есте сақтау қабілетімен ерекшеленеді.	
Құндылық	Адамгершілікті түсіну	
Панаралық байланыс	Өзін-өзі тану	
АКТ-ны қолдану дағдылары: Интербелсенді тақта		
Жоспар		
Уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	Қызығушылықты ояту. Ойсергек: Қуанамын мен де, Қуанасын сен де, Қуанады достарым, Арайлап өткен күнге. Үлкенге де сіз деп Кішіге де сіз деп Құрметпенем Бас иеміз біз де.	Интерактивті тақта
Сабақтың ортасы	Мағынаны ажырату. Ойқозғау. Пікір білдіру. 1. Судың да сұрауы бар. 2. Су бергеннің сауабы бар. 3. Су текенің жауабы бар. *жақсылық қадірін түсінеді — өтілетін тақырыппен таныстырып, автор туралы мәліметке тоқталу Оқылым. «Нағыз адам» - аудио арқылы тыңдау Пікір білдіруге берілген тапсырмалар 1-пікір: Бұл - адам емес..... Өйткені, бірінші жолдаушы шөлдеп келе жатырса да, арбасында шелегі бола тұра, өзге жолдаушылар тұрмақ, атай мен немересіне көңіл бөліп, көмектесуге уақытын қиғады. Атайдың адам емес дегені, жолдаушының пейілі ате тар екендігін білдіреді. 2-пікір: Бұны да әлі адам деуге болмайды..... Өйткені, екінші жолдаушы өзінің, атай мен немересінің шөлін қандырмаған, алдағы уақытта бұл жерден өтетін жолдаушыларды ойламады. Бұл адам тек бүгінгі күнді ойлады. Бұл жолдаушының бойында қызағашақтық қасиет басым. 3-пікір: Бұл - нағыз адамның өзі..... Өйткені, үшінші жолдаушы тек өзін, атай мен немересін ғана ойлап қоймай, өзінен кейін бұл жерден өрлі-берлі өтетін жолдаушыларды ойлап, шелегін қалдырып кетті. Міне, нағыз адам дегеніміз - айналасына қашанда жақсылық ойлайтын адам. - *мәтін мазмұнын ашады, өз ойын жеткізеді Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды талдау 1-тапсырма: Дұрыс жауабын белгіле А) Адам емес Ә) Әлі де адам емес Б) Нағыз адамның өзі — Әрине, бұл Б нұсқасы, себебі, суретте үшінші жолдаушының атайға алғысын білдіріп, құдық басына шелегін қалдырып кетіп бара жатырғаны бейнеленген. 2-тапсырма: Бұл - адам емес.... Өмірде кездесетін оқиғалардан нақты мысал келтір — Мысалы, белгілі бір себеппен сабақтан қалған оқушы сабаққа қатысқан оқушыдан үй тапсырмасын сұрады делік. Егер, сабақта болған оқушы тапсырманы біле тұра көмек көрсетпесе, бұл дұрыс емес әрекет болып есептеледі. «Болмасын деген оңбасын» — деген мәтелдегідей азаматтық қасиетті көрсетеді. 3-тапсырма: Бұл - нағыз адамның өзі.... Өмірде кездесетін оқиғалардан нақты мысал келтір — Мысалы, балалар, бір бала әкесімен сабаққа барды делік. Ол ойнағысы келген әткішек сынақ екен. Әкесі бірден жөндеуге кірді, Әкесі өткіншекті өз баласы үшін ғана емес, өзге балалардың да игілігі үшін жөндеді. Бұл жерде әкесінің өзгеге қамқорлық жасау және кенелділік қасиеті көрсетеді. *мәтіндегі пікірді өмірмен байланыстыра отырып мысал келтіреді Ойтолғау. Жазылым. Жеке жұмыс 1-тапсырма: Суды үнемдеу ережесін құрастыр Дұрысын тап (берілген ережелердің ішінен дұрысын тауып, дәптеріне көшіреді) 1. Суды ұсырап шыла 2. Суды көп мөлшерде жұмса 3. Суды кез - келген жерге төге бер 4. Дік жуғанда суды ашық қалдырма 5. Суды жерге төлеп 2-тапсырма: Өзің құрастыр Өз бойыңдағы 3 жақсы қасиет - Қамқорлық - Мейірімділік - Ақжөңділік 3-тапсырма: Судың пайдасы 3 тұжырым жаз *су - тіршілік көзі *сусыз өмір жоқ. * суды адам күнделікті өмірінде, яғни, тамақ пісіргенде, ыдыс, кір жуғанда, жуынғанда, т.б. пайдаланады *суды үнемдеудің нағыздылығын ұғынады, жақсы қасиеттерді бойына қалыптастырады	Слайд Слайд Түрлі - түсті маркерлер Слайд Қима жолақшалар
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: Бірінші және екінші жолдаушыға адами қасиеттерін жақсарту үшін ұсыныс хат жазу	

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.